***« ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ №2 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ» КММ***

# *Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жұмыс дәптері*
# *7-сынып*

***Смагулова Тлектес Сериковна***
***әлеуметтік педагог***

***Павлодар, 2024 жыл***

## Түсініктеме хат

7-сыныпқа арналған әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау пәнінен жұмыс дәптері «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 88-қосымшасына» және ««Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына» сәйкес әзірленген. Жұмыс дәптеріндегі таспымалар құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктері, қызығушылықтары, дайындық деңгейі ескерілген.

**Жұмыс дәптерінің мақсаты:** 7-сынып оқушыларының күнделікті өмірде, әлеуметтік ортада және тұрмыста қажетті дағдыларды қалыптастыруға көмектесу. Дәптердегі тапсырмалар оқушылардың өзін-өзі күту, қарым-қатынас жасау, қауіпсіздік ережелерін сақтау, қаржылық сауаттылық және қоршаған ортамен танысу сияқты дағдыларын дамытуға бағытталған.

**Міндеттері:**

- ✓ Оқушыларды күнделікті өмірде кездесетін түрлі әлеуметтік және тұрмыстық жағдайларда бағдарлай білуге үйрету;
- ✓ Өзін-өзі күту және жеке гигиена ережелерін меңгеруін қамтамасыз ету;
- ✓ Қарым-қатынас мәдениетін дамыту;
- ✓ Қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру;
- ✓ Қаржылық сауаттылықтың негіздерімен таныстыру;
- ✓ Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық жауапкершілікке баулу.

**Құрылымы:**

Дәптер бөлімдерден тұрады, әр бөлім оқушылардың күнделікті өміріне қатысты нақты тақырыптарды қамтиды. Әрбір бөлімде теориялық материалдар, практикалық тапсырмалар, суреттер, диаграммалар беріледі.

**Тапсырма түрлері:**

- ✓ Суреттерді сәйкестендіру;
- ✓ Қысқа мәтіндерді оқу және сұрақтарға жауап беру;
- ✓ Кестелерді толтыру;
- ✓ Берілген жағдаятты талдау және дұрыс шешімді таңдау;
- ✓ Коллаж жасау, рөлдік ойын көрсету;
- ✓ «Дұрыс-бұрыс» тапсырмалары;
- ✓ Басқатырғыштар, сөзжұмбақтар, ребустар.

**Қолдану бойынша ұсыныстар:**

- ✓ негізгі немесе қосымша материал ретінде;
- ✓ өз бетінше әрекет етуге дағдыландыру барысында;
- ✓ күнделікті өмірге бейімдеуге;
- ✓ үйде қолдау көрсетуге.

Жұмыс дәптері 7-сыныпқа арналған Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау пәні бойынша жұмыс дәптері оқушылардың күнделікті өмірде өз бетінше

әрекет ету, әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасау және тұрмыстық дағдыларды меңгеруіне көмектесетін маңызды құрал болып табылады.

Дәптердегі тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне және ерекше білім беру қажеттіліктеріне сай әзірленген. Олар теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған. Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар бірлесіп жұмыс істегенде, бұл құрал оқушылардың өмірге бейімделуін жеңілдетіп, олардың өзін-өзі күту, қаржылық сауаттылық, қауіпсіздік, экологиялық жауапкершілік сияқты маңызды қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Жұмыс дәптерін жүйелі және белсенді пайдалану оқушылардың өз бетінше өмір сүруге дайындық деңгейін арттыруға көмектеседі.

# 1-бөлім «Денсаулық»

## 1-сабақ
## Жеке бас тазалығы

***Мақсаты:*** 7.1.1.1 шашты күту, жуу, шашты күтуге арналған құралдарды пайдалану ережелерін білу;
7.1.1.2 жеке және интимді гигиеналар ережелерін сақтау және білу;
7.1.1.3 іш киімдерді жуа білу;
7.1.1.4 ваннаға душқа жуыну мезгілін білу.

***1-тапсырма. Сәйкестендіру тапсырмасы***
Оқушыларға шашты күту құралдары мен оларды қолдану тәсілдері бар карточкалар беріледі. Олар дұрыс сәйкестікті табуы керек.

| **Құралдар** | **Қолданылуы** |
|---|---|
| Сусабын   | Шашты кептіру үшін |
| Кондиционер  | Шашты таза ұстау үшін |
| Шашқа арналған тарақ  | Шашты жұмсақ етіп жасау |
| Шаш кептіргіш  | Шашты тарау және түйіндерді ашу үшін |

***Нұсқаулық:*** Оқушыларға карточкалармен жұмыс жасау арқылы, шашты күтуге арналған құралдардың қандай мақсатта қолданылатынын дұрыс табуды сұрау.

***2-тапсырма. Кестені толтыр.***

| *ЕРЕЖЕ* | *ДҰРЫС ӘРЕКЕТ* |
|---|---|
| Тісті тазалау | |
| Қолды жуу | |
| Жеке киімдерді ауыстыру | |
| Интимді аймақты жуу | |

***Нұсқаулық:*** Оқушылар әрбір ережені толтырып, оны күнделікті өмірде қалай қолдану керектігін түсіну үшін практикалық мысалдармен таныс болу керек.

***3 тапсырма. Суретпен жұмыс. Іш киімдерді жуу кезеңдері көрсетілген, берілген суреттерді ретімен орналастыр.***










***4-тапсырма. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін әрекеттер берілген. Дұрыс реттілігін көрсет.***

*Тіс щеткасы мен пастасын алу*
*Тісті тазалау*
*Қолды сабынмен жуу*
*Шашты жуу*
*Жеке киімдерді ауыстыру*

## *2-сабақ*
## *Медициналық көмек*

***Мақсты:*** 7.1.2.1 дәріхана қызметін, жақын дәріхананың орналасу жерін, дәрі-дәрмекті сатып алу ережесін; дәріхананы тауып алу, дәріханашымен диалогқа түсе білу.

***1-тапсырма. «Дұрыс-бұрыс» тұжырымдары***

| № | Тұжырым | ☑ Дұрыс / ✗ Бұрыс |
|---|---|---|
| 1 | Дәріханадан дәріні тек дәрігердің рұқсатымен сатып алуға болады. | |
| 2 | Дәрі-дәрмекті кез келген дүкеннен сатып алуға болады. | |
| 3 | Дәріханада сатушыны "дәріханашы" деп атайды. | |
| 4 | Дәрі-дәрмектің қолдану нұсқаулығын оқудың қажеті жоқ. | |
| 5 | Дәріханадағы дәрілердің әрқайсысының бағасы болады. | |
| 6 | Дәріні тағайындау үшін дәріханашымен кеңесу қажет. | |
| 7 | Егер дәріхананың мекенжайын білмесеңіз, Google картасынан іздеуге болады. | |

***2-тапсырма. Медициналық көмек бойынша кілт сөздерді қолдана отырып, сөзжұмбақты орында.***

***Кілт сөздер:*** термометр, дәріхана, аурухана, дәрігер, дәрі, клиника, вакцина, дәріханашы,

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Д | Ә | Р | І | Х | А | Н | А | К | Й | Ц | У |
| Т | Й | К | Е | Н | Г | Ш | Щ | Л | З | Х | Ъ |
| Е | А | Ф | Ы | В | А | П | Р | И | О | Л | Д |
| Р | Н | Д | Ә | Р | І | Х | А | Н | А | Ш | Ы |
| М | Л | Ж | Э | Я | Ч | С | У | И | М | И | Т |
| О | О | Ь | Б | Ю | Ә | Ң | Р | К | І | Ғ | Ү |
| М | Ә | А | Ө | З | Л | Һ | У | А | Ө | Қ | Ұ |
| Е | Ү | Һ | Р | А | Д | Ч | Х | Ә | К | І | Ң |
| Т | В | А | К | Ц | И | Н | А | Ж | Ұ | Ғ | Ң |
| Р | Г | А | П | Р | О | Л | Н | Д | Ж | Э | Д |
| Қ | Х | Я | Ч | М | И | Ь | А | Г | Ж | О | Ә |
| Й | Ц | У | К | Е | Д | Ә | Р | І | Г | Е | Р |
| Е | Н | Г | Ш | Щ | З | Х | Ъ | Ф | Ы | В | І |

***3-тапсырма. Ребусты шеш.***



, , ,





***4-тапсырма. Кестені толтыр.***

| ***Медициналық көмек түрі*** | ***Қашан қажет?*** |
|---|---|
| Жедел жәрдем | |
| Дәрігерге қаралу | |
| Операция | |
| Емдік жаттығулар | |
| Тері күтімі | |

***5-тапсырма***

**Диаграмма: "Медициналық көмек көрсету кезеңдері"**

**Тапсырма:** Медициналық көмек көрсету үшін қажетті үш кезеңді диаграмма түрінде көрсетіңіз:

1. Алғашқы көмек көрсету
2. Жедел жәрдем шақыру
3. Дәрігерге қаралу

Диаграммада әр кезеңді қысқаша сипаттап, олардың арасында қандай әрекеттер жасалатынын көрсетіңіз.

*1 – бөлім. Қайталау тесті*

***1. Шашты қалай дұрыс жуу керек?***
A) Ыстық сумен және күшті сабынмен жуу
B) Суық сумен және арнайы сусабынмен жуу
C) Тек қана шампунь қолдану
D) Шашты жумау
***2. Шашты күту үшін қандай құралдарды пайдалану керек?***
*A) Тек су*
*B) Шашқа арналған арнайы сусабын, бальзам*
*C) Қатты сабын*
*D) Су мен май*
***3. Шашты жуу кезінде неге назар аудару керек?***
A) Тек шашты ылғалдандыру
B) Сусабынды жақсылап тарату және жақсылап шаю
C) Шашты кептірмеу
D) Шашты тырнап жуу
***4. Жеке гигиенаның басты ережесі қандай?***
A) Күнде әртүрлі тағамдар жеу
B) Қолды жиі жуу және денені таза ұстау
C) Әрдайым ауызды жуу
D) Көп су ішу
***5. Интимді гигиенаны сақтау үшін не істеу керек?***
A) Күнде душ қабылдау
B) Тек қана жақсы көрінетін жерлерді тазалау
C) Жиі жуынды су қолдану
D) Жеке заттарды бөліспеу
***6. Қолды жуу үшін не керек?***
A) Тек су
B) Су мен сабын
C) Көкөністер
D) Сабын мен крем
***7. Іш киімді жуу үшін қандай әдіс қажет?***
A) Ыстық су мен жуғыш құрал қолдану
B) Сумен ғана жуу
C) Іш киімді тек қана қолмен жуу
D) Көп сабын қолдану
***8. Іш киімдерді жиі жуу керек пе?***
A) Иә, күнде
B) Жоқ, әр апта сайын
C) Күніне бір рет
D) Оларды жумау керек
***9. Іш киімдерді жуғаннан кейін не істеу керек?***
A) Оларды кептірмей жуу
B) Оларды күнге қою немесе ішкі бөлмеде кептіру
C) Оларды тығып қою
D) Оларды қолмен үтіктеу
***10. Душқа қашан жуыну керек?***

A) Барлық уақытта, қалаған кезде
B) Таңертең немесе кешке, күнделікті
C) Айына бір рет
D) Жылына бір рет

***11. Душқа түсу үшін қандай температурадағы су ыңғайлы?***

A) Суық су
B) Ыстық су
C) Жылы су
D) Тек суық су

***12. Ваннаға шомылудың ең жақсы уақыты қандай?***

A) Кешке, ұйықтар алдында
B) Таңертеңгі уақытта
C) Кешкі уақытта ғана
D) Жұмыс күні

***13. Дәріханадан дәрі сатып алғанда не істеу керек?***

A) Дәріханашымен сөйлеспей, тек сатып алу
B) Дәрі-дәрмектер туралы сұрау және кеңес алу
C) Барлық дәрілерді бірден сатып алу
D) Дәріханаға бармау

***14. Дәріхананы табу үшін қай ақпаратты білу керек?***

A) Тек дүкеннің аты
B) Дәріхананың нақты мекен-жайы және жұмыс уақыты
C) Бәрін интернеттен іздеу
D) Тек дәріханашының телефоны

***15. Дәрі-дәрмекті сатып алу үшін қай әрекеттерді орындау керек?***

A) Өзіңе қажетті дәріні таңдауың және дәріханашымен сөйлесу
B) Дәрі-дәрмек үшін ақша төлеу
C) Дәрі-дәрмекпен бірге өзіңе кеңес алу
D) Барлық жауаптар дұрыс

***16. Дәріханада дәрі-дәрмектерді сатып алған соң не істеу керек?***

A) Дәрілерді тексеріп, дұрыс келгенін қарау
B) Дәрілерді дереу ішіп көру
C) Дәріханашыға қайта келу
D) Дәрілерді жуу

***17. Дәріханаға бару кезінде қандай жағдайларды ескеру керек?***

A) Тек дәрілерді сатып алу
B) Дәріхананың жұмыс уақытын білу
C) Тек өзіңе ұнайтын дәрілерді сұрау
D) Дәріханашымен ашық сөйлесу

***18. Жеке гигиенаны сақтау үшін қай өнімдер пайдаланылады?***

A) Тек сабын мен су
B) Гигиеналық майлар мен лосьондар
C) Қолдан жасалған өнімдер
D) Тек табиғи компоненттер

***19. Іш киімді жууда қандай температурада сумен жуу ұсынылады?***

A) Тек ыстық су
B) Қатты суық су
C) Жылы су, бірақ тым ыстық емес

D) Бөлме температурасындағы су

***20. Дәріханадан дәрі-дәрмек сатып алу үшін қандай маңызды ақпаратты білу керек?***

A) Дәріхананың жұмыс уақыты және орналасқан жері

B) Дәріхананың бағасын тексеру

C) Дәрі-дәрмек сатып алудың уақыты

D) Дәріханашының аты-жөні

## *2 – бөлім «Киім, аяқ киім»*

**_3 – сабақ_**
**_Киім, аяқ киім, бас киім түрлері_**

***Мақсаты:***
7.2.1.1 аяқ киім түрлерін, оның қажеттілігін білу;
7.2.1.2 бас киімді күту және сақтау;
7.2.1.3 бас киім атауларын білу;
7.2.1.4 бас киімді мезгілге және жағдайға қарай таңдай білу.

***1-тапсырма.*** *Сызбаны толтыр.*

| Киім түрі | Мезгіл | Мысалдар(Атаулар) |
|---|---|---|
| *Бас киім* | *Қыс* | |
| *Сыртқы киім* | *Көктем* | |
| *Аяқ киім* | *Жаз* | |
| *Киім* | *Күз* | |

***2-тапсырма.***
**1. Киімдер туралы сұрақтар:**
Жаз мезгілінде қандай киімдерді киеміз?
Қыс мезгілінде қандай киімдер кию керек?
**2. Аяқ киімдер туралы сұрақтар:**
Жазда аяқ киім ретінде не киеміз?
Қыс мезгілінде аяқ киім ретінде не кию керек?

***3- тапсырма.*** **Кестені сәйкестендір**

| Жағдай | Киім түрі |
|---|---|
| 1. Жазда ыстық күнде серуендеу | а) Жеңіл көйлек, сандал |
| 2. Қыста суық күнде серуендеу | ә) Қысқы күрте, етік |
| 3. Спортпен айналысу | б) Спорт костюмі, кроссовка |
| 4. Мектепке бару | в) Мектеп формасы, туфли |

**4 – тапсырма. Бас киім түрлерін сәйкестендір.**

| | |
|---|---|
|  | **Тақия** |

| | |
|---|---|
|  | **Тымақ** |
|  | **Сәукеле** |
|  | **Бөрік** |

**_2 – бөлім. Қайталау тесті_**

**_1. Аяқ киім не үшін қажет?_**

*A) Аяқты кірлету үшін*

*B) Аяқты суықтан және кірден қорғау үшін*

*C) Үйде отыру үшін*

*D) Аяқты жарақаттау үшін*

**_2. Қайсысы аяқ киім түріне жатады?_**

*A) Кроссовка*

*B) Шляпа*

*C) Берет*

*D) Етік*

**_3. Қайсысы бас киімнің түріне жатады?_**

*A) Бөрік*

*B) Телефон*

*C) Телпек*

*D) Кепка*

**_4. Аяқ киімді қалай күту керек?_**

*A) Ластанса тазалау*

*B) Су тиген соң кептіру*

*C) Құммен сүрту*

*D) Арнайы щеткамен тазалау*

**_5. Қай мезгілде қысқы аяқ киім киеміз?_**

*A) Жазда*

*B) Қыста*

*C) Көктемде*

*D) Күзде*

**_6. Бас киімді қалай күту керек?_**

*A) Ластанса тазалау*

*B) Ылғал жерге тастау*

*C) Киіп болған соң дұрыс қою*

*D) Су тигізбеуге тырысу*

**_7. Жазда қандай бас киім киіледі?_**

*A) Қалың тоқыма бас киім*

*B) Панама*

*C) Кепка*

*D) Шляпа*

**_8. Жаңбырлы күні қандай аяқ киім киеміз?_**

*A) Туфли*

*B) Резеңке етік*

*C) Етік*

*D) Сандал*

**_9. Аяқ киімді қалай сақтау керек?_**

*A) Қорапта*

*B) Су ішінде*

*C) Құрғақ жерде*

*D) Шаң-тозаңнан тазарту*

**_10. Суық күні қандай бас киім киеміз?_**

*A) Жеңіл кепка*

*B) Жылы бөрік*
*C) Тоқыма бас киім*
*D) Құлақшын*

***11. Бас киімді не үшін киеміз?***

*A) Күннің әсерінен қорғау үшін*
*B) Шашты жабу үшін*
*C) Сән үшін*
*D) Басты суықтан қорғау үшін*

***12. Аяқ киімнің өлшемі қандай болуы керек?***

*A) Өте тар*
*B) Өте кең*
*C) Аяққа ыңғайлы*
*D) Жүруге кедергі жасамайтындай*

***13. Қандай бас киімді күзде киеміз?***

*A) Берет*
*B) Жеңіл тоқылған бас киім*
*C) Кепка*
*D) Қалың бөрік*

***14. Аяқ киім қандай материалдан жасалады?***

*A) Былғары*
*B) Шыны*
*C) Резеңке*
*D) Мата*

***15. Бас киімді қайда сақтау керек?***

*A) Ылғалды жерде*
*B) Шкафта*
*C) Арнайы ілгішке ілу*
*D) Кірлегенде тазалау*

***3 – бөлім «Тамақтану»***

***4-сабақ***
***Тамақтану***

***Мақсаты:***
7.3.1.1 көкөністердің, еттің, балықтың алғашқы жылулық өндеуінің жолдарын білу;
7.3.1.2 көкөністерді қоймада, жерқоймада сақтау ережесін білу.

***1-тапсырма. Кестені толтырыңыз.***

| ***Өнім түрі*** | ***Алғашқы өңдеу әдісі (булау, қуыру, қайнату, бұқтыру)*** |
|---|---|
| *Картоп* | |
| *Ет* | |
| *Балық* | |
| *Сәбіз* | |
| *Пияз* | |

*2-тапсырма. Сәйкестендіру.*

| ***Өнім түрі*** | ***Сақтау орны*** |
|---|---|
| *Картоп*  | *Тоңазытқыш* |
| *Ет*  | *жерқойма* |
| *Балық*  | *Кептірілген күйде сақтау орны* |
| *Сәбіз*  | *Мұздатқыш* |
| *Пияз*  | *Құрғақ қойма* |

***3-тапсырма. «Дұрыс – бұрыс» тұжырымдары***

| **№** | ***Тұжырым*** | ***Дұрыс / бұрыс*** |
|---|---|---|
| 1 | *Балықты шикі күйінде ұзақ сақтау керек.* | |
| 2 | *Көкөністерді құрғақ, салқын жерде сақтау қажет.* | |
| 3 | *Етті алғашқы өңдеу үшін жуу және майын тазалау қажет.* | |
| 4 | *Сәбізді тоңазытқышта сақтау керек.* | |
| 5 | *Картопты жарық жерде сақтау керек.* | |

***4-тапсырма. Төменде берілген сөздер қатарынан артық сөзді тауып, астын сызыңыз.***

1. *Қайнату, қуыру, буға пісіру, кептіру.*
2. *Жерқойма, мұздатқыш, тоңазытқыш, ыстық пеш.*
3. *Сәбіз, пияз, ет, қияр.*

***5-тапсырма. Суреттермен жұмыс. Төменде берілген жылулық өңдеу тәсілдерін сәйкес суреттермен сәйкестендіріңіз.***

| | | |
|---|---|---|
| *Қуыру* |  | |
| *Қайнату* |  | |
| *Булау* |  | |
| *Бұқтыру* |  | |

## *5-сабақ*
## *Азық-түлік, тамақ дайындау*

***Мақсаты:*** 7.3.2.1 таңдап алынған мәзір бойынша дастарқанды түскі асқа әзірлей білу;
7.3.2.2 асханалық аспаптарын қолдану ережелерін білу.

***1-тапсырма. Төменде берілген аспаптардың қолданылу мақсатын жазыңыз.***

| ***Асханалық аспап*** | ***Қолданылуы*** |
|---|---|
|  *Ас қасық* | |
|  *Пышақ* | |
|  *Шаңышқы* | |
|  *Кесе* | |

***2-тапсырма. Асханалық аспаптар мен олардың дұрыс қолданылуын сәйкестендіріңіз.***

| ***Асханалық аспап*** | ***Қолданылуы*** |
|---|---|
| *Аспаздық тақта* | *Нанды кесуге арналған* |
| *Шаңышқы* | *Асты араластыру үшін* |
| *Қасық* | *Тамақ жеуге арналған* |
| *Пышақ* | *Өнімдерді турауға арналған* |
| *Күрекше* | *Қуыру кезінде аудару үшін* |

***3-тапсырма. Тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеңіз.***

| ***№*** | ***Тұжырым*** | ***Дұрыс / бұрыс*** |
|---|---|---|
| *1* | *Пышақты әр қолданған сайын жуу керек.* | |
| *2* | *Дастарқанға тамақтануға қажетті аспаптарды қою керек.* | |
| *3* | *Шаңышқыны тек ет жеу үшін қолданады.* | |
| *4* | *Ыстық сорпаны шыны стаканға құюға болады.* | |
| *5* | *Нанды пышақпен кесу қажет.* | |

***4-тапсырма. Артық сөзді тауып, астын сызыңыз.***

*1. Қасық, шанышқы, пышақ, қазан.*
*2. Дастарқан, тәрелке, табақ, табурет.*
*3. Асхана, ас қасық, шәйнек, күрекше.*

***5-тапсырма. Дастарқан дайындау қадамдарын дұрыс ретімен орналастырыңыз.***

*а) Шанышқы, қасық, пышақты орналастыру.*
*б) Ас ішетін орынды сүрту.*
*в) Тәрелке, нан және сусын қою.*
*г) Ас құралдарын дұрыс орналастыру.*

## *6-сабақ*
## *Ас үй, асхана ыдыстары, техника*

***Мақсаты:*** 7.3.3.1 түскі асты дайындай білу (жеңіл тамақ, көкөністен жасалған бірінші және екінші тағам, балық және ет тағамдары, жартылай дайын өнімдер);

7.3.3.2 түскі асқа дастарқан әзірлей білу;

7.3.3.3. суып қалған тағамдарды жылыта білу.

***1-тапсырма. Берілген тағамдардың қандай санатқа жататынын анықтаңыз.***

| *Тағам түрі* | *Бірінші тағам* | *Екінші тағам* | *Жеңіл тамақ* |
|---|---|---|---|
| *Сорпа* | | | |
| *Қуырылған балық* | | | |
| *Салат* | | | |
| *Котлет* | | | |
| *Ботқа* | | | |

***2-тапсырма. Төменде берілген тағамдарды жылыту әдістерімен сәйкестендіріңіз.***

| *Тағам түрі* | *Жылыту әдісі* |
|---|---|
| *Сорпа* | *Қайнату* |
| *Палау* | *Микротолқынды пеште* |
| *Котлет* | *Табада қуыру* |
| *Сүт* | *Су моншасында жылыту* |
| *Нан* | *Пеште жылыту* |

***3-тапсырма. Төмендегі тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеңіз.***

| *№* | *Тұжырым* | *Дұрыс / бұрыс* |
|---|---|---|
| *1* | *Суық тамақты газ плитасында өте жоғары отта жылытқан дұрыс.* | |
| *2* | *Дастарқанға тәрелке, қасық, шаңышқы, стақан қою қажет.* | |
| *3* | *Балықты микротолқынды пеште жылытуға болмайды.* | |
| *4* | *Сорпаны тек қуыру арқылы жылыту керек.* | |
| *5* | *Дастарқанға майлық қою – тазалық белгісі.* | |

***4-тапсырма. Дастарқан дайындау реттілігі. Түскі асқа дастарқан әзірлеу қадамдарын дұрыс ретімен орналастырыңыз.***

*а) Майлықтарды қою.*

*б) Асханалық құралдарды дұрыс орналастыру.*

*в) Ас ішетін орынды сүрту.*

*г) Нан және сусын қою.*

***3 – бөлім. Қайталау тесті***

***1. Көкөністерді алғаш өңдеу кезінде не істеу керек?***

*A) Жуу*

*B) Қуыру*

*C) Мұздату*

*D) Тұздау*

***2. Қай тағамдарды пісіру алдында жақсылап жуу қажет?***

*A) Ет пен көкөністер*

*B) Нан*

*C) Шоколад*

*D) Макарон*

***3. Балықты алғашқы өңдеуден өткізгенде не істеу керек?***

*A) Тазалау, жуу*

*B) Тікелей қуыру*

*C) Қайнату*

*D) Мұздату*

***4. Көкөністерді сақтау үшін ең жақсы жер қайсысы?***

*A) Тоңазытқыш*

*B) Ыстық бөлме*

*C) Ашық күн астында*

*D) Пештің үстінде*

***5. Картопты жерқоймада сақтау үшін не қажет?***

*A) Құрғақ және салқын жер*

*B) Ылғалды бөлме*

*C) Ашық ауа*

*D) Пластик пакет*

***6. Дастарқанға қойылатын негізгі асханалық аспаптар қандай?***

*A) Қасық, шанышқы, пышақ*

*B) Балға, қайшы, пышақ*

*C) Қалам, кітап, дәптер*

*D) Қылқалам, бояу, қағаз*

***7. Асханалық пышақты қалай қолдану керек?***

*A) Абайлап ұстау*

*B) Ойнап көру*

*C) Жууға болмайды*

*D) Жерге лақтырып қою*

***8. Суық сорпаны қалай жылытуға болады?***

*A) Газ плитасында*

*B) Мұздатқышқа салу*

*C) Күн астына қою*

*D) Шайға қосу*

***9. Дастарқанға майлық қоюдың мақсаты қандай?***

*A) Қол мен ауызды сүрту*

*B) Ойнау*

*C) Декорация*

*D) Қағаз жинау*

***10. Қай тағам жеңіл тамақ түріне жатады?***

*A) Салат*

*B) Бауырсақ*
*C) Шәй*
*D) Сорпа*
***11. Көкөністерден қандай бірінші тағам дайындалады?***
*A) Көкөніс сорпасы*
*B) Шашлык*
*C) Бутерброд*
*D) Қаймақ*
***12. Етті алғашқы өңдеудің негізгі жолдары қандай?***
*A) Жуу, кесу*
*B) Қуырмай сақтау*
*C) Күнге кептіру*
*D) Мұздатқышта қалдыру*
***13. Қандай тағамды пеште пісіруге болады?***
*A) Пирог*
*B) Картоп*
*C) Ет*
*D) Барлығы дұрыс*
***14. Асханалық құралдарды қалай дұрыс қолдану керек?***
*A) Дұрыс пайдалану және жуу*
*B) Қолды жумай пайдалану*
*C) Бір рет қолданып, лақтыру*
*D) Қалағаныңды қолдану*
***15. Нанды кесу үшін қандай құрал қолданылады?***
*A) Пышақ*
*B) Қасық*
*C) Шанышқы*
*D) Кесе*
***16. Етті дайындау алдында не істеу керек?***
*A) Жуу және кесу*
*B) Мұздатқышқа салу*
*C) Бірден табаға салу*
*D) Тұздау*
***17. Тамақтан кейін ыдыстарды қалай жуу керек?***
*A) Жылы сумен сабындап*
*B) Тек сумен шаю*
*C) Құрғақ сүрту*
*D) Жуудан бас тарту*
***18. Тамақ дайындау кезінде қауіпсіздік шаралары қандай?***
*A) Пышақты абайлап қолдану*
*B) Қолды сабындап жуу*
*C) Ыстық табаны абайлап ұстау*
*D) Барлығы дұрыс*
***19. Дастарқан жасағанда бірінші не қою керек?***
*A) Асханалық құралдар*
*B) Тамақ*
*C) Құрал-саймандар*
*D) Дастарқанның өзін*

***20. Қай тағам түрін peште жылытуға болады?***

*A) Сорпа*

*B) Нан*

*C) Палау*

*D) Барлығы дұрыс*

## *4 – бөлім «Тұрғын үй»*

### *7-сабақ*
### *Тұрғын үй түрлері*

***Мақсаты:*** *7.3.1.1 киіз үй құрылысының ерекшелікт ерін білу (дөңгелек, тез жиналады, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы);*
*7.3.1.2 жатын бөлме, жатын бөлме жиһаздарын білу;*

***1-тапсырма. Киіз үйдің ерекшеліктерін толықтырыңыз.***

| ***Киіз үйдің ерекшеліктері*** | ***Сипаттамасы*** |
|---|---|
| *Пішіні* | |
| *Қандай материалдан жасалады?* | |
| *Жыл мезгіліне ыңғайлылығы* | |
| *Жинау және тасымалдау* | |

***2-тапсырма. Киіз үйдің бөліктерін олардың атауларымен сәйкестендіріңіз.***

| ***Киіз үйдің бөлігі*** | ***Сипаттамасы*** |
|---|---|
| *Уық*  | *Киіз үйдің күмбезді бөлігін ұстап тұрады* |
| *Шаңырақ*  | *Киіз үйдің төбесіндегі дөңгелек ағаш бөлігі* |
| *Киіз*  | *Үйді суықтан қорғайтын жабынды* |
| *Кереге*  | *Киіз үйдің қабырғасын құрайтын ағаш тор* |

***3-тапсырма. Төмендегі тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеңіз.***

| *№* | ***Тұжырым*** | ***Дұрыс / бұрыс*** |
|---|---|---|
| *1* | *Киіз үйді тек жазда пайдалануға болады.* | |
| *2* | *Киіз үй тез жиналып, тез қайта құрылады.* | |
| *3* | *Киіз үйдің шаңырағы оны желдетуге көмектеседі.* | |
| *4* | *Кереует – жатын бөлме жиһазы.* | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | *Жатын бөлмеде ас үй жабдықтары болуы қажет.* | |

***4-тапсырма. Берілген суреттердің атауын жаз.***











## *8-сабақ*
## *Тұрғын үйді жинау*

***Мақсаты:*** *7.3.2.1 терезелерді жуа білу;*
*7.3.2.2 терезедегі перделерді күте білу;*
*7.3.2.3 жылу батареяларын күте білу (шаңдарын сүрту, жуу);*
*7.3.2.4 жарықшамдарды күте білу (сүрту, жуу);*
*7.3.2.5 тұрғын үйжайды мезгілдік жинай білу.*

***1-тапсырма. Берілген тұрмыстық заттарға күтім жасау жолдарын жазыңыз.***

| *Заттардың атауы* | *Күтім жасау әдісі* |
|---|---|
| *Терезе* | |
| *Перде* | |
| *Жылу батареясы* | |
| *Жарықшам* | |

***2-тапсырма. Берілген тазалау құралдарын олардың қолдану аймағымен сәйкестендіріңіз.***

| *Құрал-жабдық* | *Қолдану аймағы* |
|---|---|
| *Шүберек* | *Жылу батареяларын сүрту* |
| *Терезе жуу сұйықтығы* | *Терезені тазалау* |
| *Шаңсорғыш* | *Перделерді тазалау* |
| *Ылғалды майлық* | *Жарықшамды сүрту* |

***3-тапсырма. Төмендегі тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеңіз.***

| *№* | *Тұжырым* | *Дұрыс/Бұрыс* |
|---|---|---|
| *1* | *Терезені жуу үшін тек су қолдану керек.* | |
| *2* | *Перделерді тек қолмен жууға болады.* | |
| *3* | *Жылу батареяларын шаңсорғышпен тазартуға болады.* | |
| *4* | *Жарықшамдарды тазаламаса да болады.* | |
| *5* | *Мезгілдік тазалау тек көктемде жасалады.* | |

***4-тапсырма. Төменде берілген қатардан артық сөзді белгілеңіз.***
*A) Терезе, перде, жарықшам, пеш*
*B) Шаңсорғыш, сабын, жуғыш зат, ойыншық*
*C) Батарея, электр шамы, айна, төсек*

***4 – бөлім. Қайталау тесті***

***1. Киіз үйдің негізгі ерекшеліктері қандай?***

*A) Ауыр, төртбұрышты, жинауға қиын*

*B) Дөңгелек, жылы, тез жиналады*

*C) Суық, ауыр, тасымалдауға ыңғайсыз*

*D) Тек қыста қолдануға болады*

***2. Киіз үйдің төбесіндегі дөңгелек бөлікті қалай атайды?***

*A) Уық*

*B) Кереге*

*C) Шаңырақ*

*D) Сықырлауық*

***3. Жатын бөлмеде қандай жиһаз болуы керек?***

*A) Төсек, шкаф, тумба*

*B) Плита, қазан, шанышқы*

*C) Диван, теледидар, кілем*

*D) Тоңазытқыш, үстел, орындық*

***4. Терезені тазалауға арналған құралды таңдаңыз.***

*A) Қайшы*

*B) Терезе жууға арналған сұйықтық*

*C) Шаңсорғыш*

*D) Плита*

***5. Терезе жуған кезде не істеу керек?***

*A) Таза су мен шүберек қолдану*

*B) Тек құрғақ шүберекпен сүрту*

*C) Шаңсорғыш қолдану*

*D) Сабынмен жуу*

***6. Терезедегі перделерді қалай тазалау керек?***

*A) Шаңсорғышпен тазалау немесе жуу*

*B) Су шашып қою*

*C) Жинамай, орнында тазалау*

*D) Мүлдем тазаламау*

***7. Перделерді қаншалықты жиі жуу керек?***

*A) Ай сайын*

*B) Жылына бір рет*

*C) Ластанғанда*

*D) Ешқашан*

***8. Жылу батареяларын тазалау үшін қандай құрал қолдануға болады?***

*A) Ылғалды шүберек*

*B) Ас үй губкасы*

*C) Кілем тазалағыш*

*D) Қар күрегі*

***9. Жылу батареяларын тазалау не үшін қажет?***

*A) Жылуды жақсы тарату үшін*

*B) Оны жаңарту үшін*

*C) Батареяның түсін өзгерту үшін*

*D) Жуыну үшін*

***10. Жарықшамдарды тазалау кезінде не істеу керек?***

*A) Құрғақ немесе сәл ылғалды шүберек қолдану*

*B) Суды молынан құю*
*C) Шаңсорғыш қолдану*
*D) Оны өшірмей тазалау*

***11. Жарықшамдарды тазалаудың ең қауіпсіз тәсілі қандай?***
*A) Электр қуатын сөндіріп, құрғақ шүберекпен сүрту*
*B) Су шашу*
*C) Ыстық сумен жуу*
*D) Қол тигізбеу*

***12. Мезгілдік тазалау дегеніміз не?***
*A) Үйді әр маусымда үлкен тазарту*
*B) Күн сайынғы шаң сүрту*
*C) Ас үй тазалау*
*D) Күн сайын су шашу*

***13. Мезгілдік тазалау кезінде не істеу қажет?***
*A) Терезе жуу, перделерді тазалау, жиһаз сүрту*
*B) Тек ыдыс-аяқ жуу*
*C) Киім үтіктеу*
*D) Бөлме өсімдіктерін суару*

***14. Киіз үйдің есігі қалай аталады?***
*A) Сықырлауық*
*B) Шаңырақ*
*C) Уық*
*D) Туырлық*

***15. Киіз үйдің қабырғасы қалай аталады?***
*A) Уық*
*B) Кереге*
*C) Шаңырақ*
*D) Туырлық*

***16. Жылу батареяларын тазаламаса не болады?***
*A) Үй салқындап, шаң жиналады*
*B) Жарық сөніп қалады*
*C) Батарея жұмысын тоқтатады*
*D) Түсін өзгертеді*

***17. Терезені қандай ауа-райында жуу ұсынылады?***
*A) Күн ашық кезде*
*B) Қатты жаңбыр кезінде*
*C) Аязды күні*
*D) Тұманды күні*

***18. Жатын бөлмеде қандай тазалық сақтау керек?***
*A) Төсекті жинау, шаң сүрту, ауаны тазарту*
*B) Тек төсекті жинау*
*C) Перделерді жуу жеткілікті*
*D) Жылына бір рет тазалау*

***19. Жарықшамдарды қалай сүртуге болады?***
*A) Жұмсақ шүберек немесе арнайы майлықпен*
*B) Қатты щеткамен*
*C) Ылғалды кілем тазалағышпен*
*D) Сабынмен жуу*

**20. Жатын бөлме жиһаздары не үшін қажет?**

*A) Жайлы ұйықтау және заттарды сақтау үшін*

*B) Тамақ әзірлеу үшін*

*C) Үйді безендіру үшін*

*D) Киім жуу үшін*

## *5 – бөлім «Көлік, көше»*

## *9-сабақ*
## *Көліктердің түрлері*

***Мақсаты:*** *7.5.1.1 автобекеттің қызметін білу;*
*7.5.1.2 қала аймағындағы негізгі бағыттарды білу;*
*7.5.1.3 автобекеттегі қосымша қызметтерді білу;*
*7.5.1.4 жолаушыларға қызмет көрсететін адамдардың еңбектері туралы білу;*
*7.5.1.5 анықтамалық қызметінен автобустар бағыттарының кестесін білу;*
*7.5.1.6 автобекет кассасынан билетті сатып алу тәртібін білу;*
*7.5.1.7 қалааралық автокөліктің қызметі туралы білу;*
*7.5.1.8 қалааралық автобустардың негізгі бағыттарын білу,*
*7.5.1.9 жүк сақтау камерасы қызметі және оны қолдану тәртібін білу;*
*7.5.1.10 қала аймағы және қалааралық автобустарға отыру ережесін білу*
*7.5.1.11 жүкі жинау және қол жүгі ерекшеліктері.*

***1 – тапсырма. Берілген автобекет қызметтерін олардың сипаттамасымен сәйкестендіріз.***

| *№* | *Автобекет қызметі* | *Қызмет сипаттамасы* |
|---|---|---|
| 1 | *Билеттер сату кассасы* | |
| 2 | *Анықтама бюросы* | |
| 3 | *Жүк сақтау камерасы* | |
| 4 | *Күту залы* | |
| 5 | *Қоғамдық тамақтану орындары* | |

***2 – тапсырма. Автобекет қызметкерлерін олардың атқаратын қызметтерімен сәйкестендіріңіз.***

| *Қызметкер* | *Қызметі* |
|---|---|
| *Кассир* | *Жолаушыларды тасымалдау* |
| *Диспетчер* | *Билеттер сату* |
| *Жүргізуші* | *Автобус қозғалысын қадағалау* |
| *Анықтама қызметкері* | *Автобус бағыттарын түсіндіру* |

***3 – тапсырма. Төмендегі тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеңіз.***

| *№* | *Тұжырым* | *Дұрыс / бұрыс* |
|---|---|---|
| 1 | *Автобекеттен тек қала ішіндегі автобустар жүреді.* | |
| 2 | *Қалааралық автобусқа билетті тек кассадан сатып алуға болады.* | |
| 3 | *Анықтама бюросынан автобус бағыты туралы сұрауға болады.* | |
| 4 | *Жолаушылар автобекетке кез келген жерде отырып, билетсіз кете алады.* | |
| 5 | *Жүк сақтау камерасына кез келген затты тегін қалдыруға болады.* | |

***4-тапсырма. Автобекет кассасынан билет алу тәртібін дұрыс ретке келтіріңіз.***

*- Билетті алу*

*- Төлем жасау*

*- Қажетті бағыт пен уақытты таңдау*

*- Кассаға барып, билет сатып алу*

**10-сабақ**

**Көліктегі және жолдағы жүріс-тұрыс**

***Мақсаты:*** *7.5.2.1 қала аймағындағы, қалааралық көлікте сапарға жүруде жөн таба білу;*

*7.5.2.2 автобекет ғимаратында жөн таба білу;*

*7.5.2.3 автобустар бағыты кестесі бойынша жөн таба білу, мүмкіндігінше автобекеттегі анықтамалық және әртүрлі қызметтерді пайдалана білу;*

*7.5.2.4 билет сатып ала білу (мүмкіндігіне қарай);*

*7.5.2.5 жүкті және қол жүгін жинай білу;*

*7.5.2.6 жүк сақтау камерасы қызметін қолдана білу.*

***1 – тапсырма. Берілген автобекет қызметтерін олардың сипаттамасымен сәйкестендіріңіз.***

| № | Автобекет қызметі | Қызмет сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | *Билеттер сату кассасы* | |
| 2 | *Анықтама бюросы* | |
| 3 | *Жүк сақтау камерасы* | |
| 4 | *Күту залы* | |
| 5 | *Қоғамдық тамақтану орындары* | |

***2-тапсырма. Төменде берілген қатардан артық сөзді белгілеңіз.***

*A) Автобус, пойыз, ұшақ, велосипед*

*B) Билет, анықтама, руль, багаж*

*C) Диспетчер, кассир, жүргізуші, сатушы*

*D) Қалааралық, такси, бағыт, терминал*

***3-тапсырма. Төмендегі тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеңіз.***

| № | Тұжырым | Дұрыс / Бұрыс |
|---|---|---|
| 1 | *Автобекеттен тек қала ішіндегі автобустар жүреді.* | |
| 2 | *Қалааралық автобусқа билетті тек кассадан сатып алуға болады.* | |
| 3 | *Анықтама бюросынан автобус бағыты туралы сұрауға болады.* | |
| 4 | *Жолаушылар автобекетке кез келген жерде отырып, билетсіз кете алады.* | |
| 5 | *Жүк сақтау камерасына кез келген затты тегін қалдыруға болады.* | |

***4-тапсырма. Берілген суреттерге қарап, қандай көлік түрі екенін анықтаңыз және тиісті сөзді жазыңыз.***









**11-сабақ**

**Қала ішіндегі жүру бағыттары**

***Мақсаты:*** *7.5.3.1 қоғамдық көлікте жүруді іске асыру ( қалалық, мектепке бару, секцияға) (бағыт, көлік түрлері)*

***1-тасырма. Төменде берілген қатардан артық сөзді белгілеңіз.***

*A) Автобус, пойыз, метро, трамвай*

*B) Жолақы, билет, руль, аялдама*

*C) Диспетчер, кассир, жүргізуші, жолаушы*

*D) Бағыт, карта, такси, аялдама*

***2-тапсырма. Төмендегі ережелерді дұрыс (✓) немесе бұрыс (✗) деп белгілеңіз.***

1. *Қоғамдық көлікке алдыңғы есіктен ғана кіру керек.*
2. *Автобусқа кірген соң, жүргізушімен сөйлесіп, билет сатып алу керек.*
3. *Қоғамдық көлікте үлкендерге орын беру – дұрыс әрекет.*
4. *Трамвайдан түсерде алдымен көлік толық тоқтағанын күту керек.*
5. *Таксиге мінгенде міндетті түрде жолақысын алдын ала төлеу керек.*

***3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.***

- *Үйден мектепке бару үшін қандай көлік түрін пайдаланасыз?*
- *Егер мектептен үйге қайту керек болса, қандай аялдамада тұру керек?*
- *Спорт секциясына жету үшін қандай қоғамдық көлік ыңғайлы?*
- *Қала орталығына жету үшін автобуспен қанша аялдама жүру керек?*
- *Қоғамдық көлікке мініп, билет сатып алу үшін не істеу керек?*

***4-тапсырма. Төменде берілген жол белгілерін қарап, олардың мағынасын сәйкестендіріңіз.***

| ***Жол белгісі*** | ***Мағынасы*** |
|---|---|
|  | |
|  | |
|  | |

***5 – бөлім. Қайталау тесті.***

***1. Автобекет дегеніміз не?***

*A) Қоғамдық көлік жүргізетін орын*

*B) Автобустар тоқтайтын және жолаушылар қызмет алатын орын*

*C) Автобус жүргізушілерін оқытатын мекеме*

*D) Автобус жөндейтін орын*

***2. Автобекетте қандай қызмет түрі көрсетіледі?***

*A) Автобус жуу*

*B) Автобус жөндеу*

*C) Жолаушыларға билет сату*

*D) Дүкен ашу*

***3. Автобекеттен қалааралық автобуспен қайда баруға болады?***

*A) Үйге*

*B) Мектепке*

*C) Басқа қалаға*

*D) Дүкенге*

***4. Автобустың бағытын қайдан білуге болады?***

*A) Теледидардан*

*B) Даладағы жарнамадан*

*C) Автобус кестесінен*

*D) Дүкеннен*

***5. Автобуста кім билет сатады?***

*A) Жолаушы*

*B) Кассир*

*C) Жүргізуші немесе кондуктор*

*D) Полиция қызметкері*

***6. Билетті қайдан сатып алуға болады?***

*A) Автобекет кассасынан*

*B) Дүкеннен*

*C) Мектептен*

*D) Үйден*

***7. Жол жүру билеті қандай қызмет атқарады?***

*A) Тегін тамақ береді*

*B) Автобуста жүруге мүмкіндік береді*

*C) Автобуста жұмыс істеуге мүмкіндік береді*

*D) Көлік жүргізуге мүмкіндік береді*

***8. Қоғамдық көліктерге не жатады?***

*A) Автобус, трамвай, троллейбус*

